

Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 02 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күшін жою туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 ақпанда № 6172 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ақтоғай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 02 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5858 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылы 08 маусымда жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі

С. Әбеуова